КАЗАГРОФИНАНС



# Жылдық есеп Годовой отчет
# Annual report
# 2009

КАЗАГРОФИНАНС



# Жылдык есеп Годовой отчет
# Annual report
# 2009

ҚАЗАГРОҚАРЖЫ

# Мазмұны



Жылдық есеп Годовой отчет
Annual report
2009

## Мазмұны

"ҚазАгроҚаржы" АҚ Басқарма Төрағасының алғы сөзі 7

1. Компанияның визит карточкасы 9

2. Компанияның бәсекелік жайғасымын бағалау 11

3. Корпоративтік басқару. Ішкі ресурстарды дамыту 13

4. 2009 жылдың жетістіктері. Еліміз үшін компанияның маңыздылығы.
Ірі жобалардың сипаттамасы 17

5. «ҚазАгроҚаржы» АҚ 2009 жыл бойынша негізгі қаржы нәтижелері 23

6. Компанияның даму болашағы. 2010 жылға арналған жоспарлар 27

7. Пайдалы ақпараттар 29



«КазАгроКаржы» АК
Баскарма Төрағасының
алғы сөзі

Жылдык есеп Годовой отчет
Annual report

2009



**Құрметті серіктестер мен әріптестер!**

2009 жылдың желтоқсан айында компанияның құрылғанына 10 жыл толды. Осы жылдар ішінде біз алдымызға қойылған міндеттерді толық орындап, саланы дамытуға өз үлесімізді қосуға тырыстық. Осы уақыт ішінде біз таңдаулы қаржы институтына айналдық, халықаралық компаниялармен қарым-қатынас орнатып, Қазақстанның АӨК қолдау жасауда белгілі бір жетістіктерге жеттік.

Бастапқыда біздің компания ең әуелі ауыл шаруашылығы техникаларын жаңартуға көмектесуге міндеттенген лизингілік компания ретінде құрылған. Алайда меншікті өз өндірісіміздің өндіретін азық-түліктердің тапшылығы басқа да жаңа бағыттарды дамыту қажеттілігін тудырды, сондықтан біздің компанияның алдына импортты алмастыратын түпкілікті өндірісті дамыту міндеті қойылды. Сол себепті 2005 жылдан бастап біз дайын өнімді қайта өндеп, шығару бойынша жобаларды қаржыландырып келеміз. Бұл наубайханалары бар диірмендер және шұжық цехтары, майды қайта өңдеу желілері мен басқалар. Ең бастысы біздің жобалар халық арасында өсіп келе жатқан сұранысты қанағаттандырумен қатар қосымша жұмыс орындарын құру, тиісті инфрақұрылымдарды дамыту сияқты әлеуметтік қызмет атқарады.

10 жыл өтті, содан бері қаржы лизингі біздің компанияның күшімен өндірістің негізгі құралдарын жаңарту және қаржы құрылымдары арасында бәсекелік ортаны дамыту құралы ретінде АӨК саласында ғана емес, сонымен қатар бүкіл Қазақстанға кең таралды, ал компания ауыл шаруашылық тауар өндірушілер арасында танымалы және белгілі болды. Осы жылдар ішінде біз агроөнеркәсіптік кешенге 1 млрд. астам АҚШ долларын инвестицияладық.

Қазақстан үшін ғана емес, сондай-ақ, барлық дүние жүзілік қоғамдастық үшін биылғы жыл үлкен өзгерістер мен күрделі шешімдер жылы болғанына қарамастан, Қазақстанның тиімді мемлекеттік саясаты елді дағдарыстан алып шықты, сөйтіп, 2010 жылға жаңа күш-қуатпен аяқ бастық. Бұл баяғыдай біздің де тұрақты көзқарасымызбен дәлелденеді, мұны лизингілік қызмет нарығындағы алатын 40,0% дерлік үлесіміз куәландырады, ал агроөнеркәсіптік кешендегі лизинг нарығындағы біздің компанияның үлесі 95,9%-ға басым болып отыр.

Өздеріңізге белгілі, Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына жолдаған «Дағдарыс арқылы жаңару мен дамуға» атты Жолдауында агроөнеркәсіптік кешенді ерекше атап өтті, оны дамытудың арқасында «... біз еліміз үшін маңызды болып табылатын екі міндетті бірден шешеміз – азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету және экспортты әртараптандыру». Көпшілікке мәлім, сол кезде он бір ірі бағыттар бойынша инвестициялық жобаларды қаржыландыруды одан әрі жалғастыру туралы шешім қабылданған болатын, оның алты бағытының операторы болып «ҚазАгроҚаржы» АҚ анықталған. Ұлттық қордың қаржы қаражаттары үшін жауапкершілік, әрі өте көп құжаттар тізбесін әзірлеу, халық мұқтаждықтарын қанағаттандыру және тағы да сондай ауқымды жұмысты бастау қиынға түскендігі сөзсіз. Алайда, біз қиындықтарды жеңіп шықтық деп ойлаймын! 2009 жылы жалпы сомасы 10,7 млрд. теңгеге 13 жоба инвестицияланды. Жобалардың бәрінің де инновациялық сипаты бар және мұқият іріктелетін болады.

Айқындық және халықаралық стандарттарға сәйкестік біздің негізгі принциптеріміз болып табылады, сондықтан 2010 жылға арналған жоспарымызда инвестициялық жобаларды іске асыруды одан әрі жалғастырумен қатар көрсетілетін қызметтің сапасын жақсарту, сапа менеджмент жүйесін әрі қарай дамыту, сондай-ақ, клиент базасын әрі қарай ұлғайту болып табылады.

Біздің 2009 жылы жеткен табыстарымыз холдинг пен мемлекет тарапынан жасалған қолдаудың, «ҚазАгроҚаржы» АҚ серіктестері мен клиенттерінің бізге артқан сенімінің, сондай-ақ, барлық қызметкерлердің аянбай еңбек етуінің арқасында мүмкін болды. Құрметті, ханымдар мен мырзалар, барлықтарыңызға үлкен алғысымды, сондай-ақ, бірлескен күш-қуатымыздың арқасында бұдан былай да өркендей беретіндігімізге сенімділігімді білдіремін!

**Құрметпен,**
**«ҚазАгроҚаржы» АҚ Басқарма Төрагасы** **Дұлат Айтжанов**



Компаниянық
визит карточкасы



Жылдық есеп Годовой отчет
Annual report
2009

Қоғам миссиясы қолайлы қаржы қызметін және бизнес жүргізудің жоғары стандарттары, тұрақтылық пен сенімділік негізінде техникалық және технологиялық жаңарту арқылы бәсекеге қабілетті және экспортқа бағдарланған агроөнеркәсіптік кешен қалыптастыру бойынша мемлекеттік саясатты іске асыру болып табылады.

Жарғылық мақсаттарды іске асыру үшін Компания келесі қызмет түрлерін жүзеге асырады:

1) агроөнеркәсіптік кешендегі лизингілік қызмет;
2) агроөнеркәсіптік кешен субъектілерін несиелендіру, қаржы және басқа да қызметтер көрсету;
3) республикалық бюджеттік және агроөнеркәсіптік кешенді дамытуға бағытталған басқа да бағдарламаларды іске асыруға қатысу.

**«ҚазАгроҚаржы» АҚ даму хронологиясы**

**1999 жыл** - Компанияны мемлекеттік тіркеу
**2000 жыл** - астық жинайтын 630 комбайн түрінде бірінші тауарлай несие алынды
**2003 жыл** - алғашқы машина-трактор станциялары құрылды
**2004 жыл** - алғашқы егіс кешендері жеткізілді
**2005 жыл** - мал шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу жабдықтары сатылып алынды
**2006 жыл** - ERP-жүйесі Oracle E-Business Suite енгізілді, Қаржы агенттігі мәртебесі берілді
**2007 жыл** - жылыжай кешендерін қаржыландыру, тауарлы-сүт фермаларын құру және ірі қара мал лизингі
**2008 жыл** - қарқынды технология бойынша жеміс бақтарын құру, балықты қайта өңдеу зауыттарын құру
**2009 жыл** - ірі инвестициялық жобаларды іске асыру

**Филиалдар желісін дамыту:**




Қазақстанның барлық аймақтарында компания 10 филиалмен және 3 өкілдікпен берілген.

**Рейтингтерінің болуы**

«Moody's Investors Service» Халықаралық рейтингілік агенттігі 2009 жылы 10 шілдеде «ҚазАгроҚаржы» акционерлік қоғамына Ba1/Болжам Негативтік деңгейде шетелдік және ұлттық валютада ұзақ мерзімді рейтинг берді.

«Fitch Ratings» халықаралық рейтингілік агенттігі 2009 жылы 29 желтоқсанда «ҚазАгроҚаржы» акционерлік қоғамына BB/Болжам Тұрақты деңгейде шетелдік және ұлттық валютада ұзақ мерзімді рейтинг берді.



Компанияның
бәсекелік
жайғасымын
бағалау



Жылдық есеп Годовой отчет
Annual report
2009

Лизингілік қызмет нарығындағы бірқатар өзгерістерге қарамастан, «ҚазАгроҚаржы» АҚ бүгінгі таңда бұрынғыдай агроөнеркәсіптік кешенде ғана емес, сондай-ақ, жалпы еліміз бойынша лизинг саласында жетекші компания болып қалды.

Жасалған талдауға сәйкес 2009 жыл бойынша лизингілік қызмет нарығының көпшілік бөлігін «ҚазАгроҚаржы» АҚ мен «Астана-Қаржы» лизингілік компаниясы» АҚ 33 482,6 млн.теңге (үлесі - 38,9%) және 28 436,4 млн. теңге (33,1%) лизингілік қоржын көлемдерімен өзара бөлісіп алған. Олардың ең бірінші бесекелестері «Қазақстанның Даму Банкі» компаниясы болып табылады - 19 276,9 млн. теңге, лизингілік қоржынның жалпы көлемінің 22,4% құрайды. Басқа қатысушылардың үлесі айтарлықтай емес.

2009 жылы лизингілік қызметпен айналысқан қаржы ұйымдарының көпшілігі экономикалық дағдарысқа байланысты қызметерін кідірткен, не болмаса тоқтатқан.

**1 кесте. Лизингілік қызмет нарығының негізгі қатысушыларының лизингілік қоржын көлемі (2009 жылдың соңындағы жағдай бойынша)**




Агроөнеркәсіптік кешенде 2009 жылы лизингілік операцияларды «ҚазАгроҚаржы» АҚ қатар аздаған көлемде «Астана-Қаржы» лизингілік компаниясы» АҚ да жүзеге асырған. Қазақстан Республикасы Статистика жөніндегі агенттігінің деректері бойынша ауыл шаруашылығы саласындағы лизингілік қызмет көлемі 34 899,3 млн. теңге құрағанда, «ҚазАгроҚаржы» АҚ үлесі 95,9% құрады.

Мұндай жағдай факторларының бірі қолайлы қаржыландыру шарттары болып табылады. Аталмыш нарықта негізгі ойыншыларды қаржыландырудың базалық шарттарына жасалған салыстырмалы талдау Қоғам шарттарының ең қолайлы болып табылатынын және біздің шарттарымыздың еліміздің ауыл шаруашылық кәсіпкерлерінің көпшілігі үшін қол жетімді екенін көрсетті.

Талдау көрсеткендей, бүгінгі таңда көпшілік институттардың негізгі қаржыландыру көздері «ДАМУ» Кәсіпкерлікті дамыту қорының бағдарламасы бойынша бөлінетін қаражаттар болып табылады, мөлшерлемесі 12,5%. Алайда, аталмыш бағдарлама бойынша кемінде 12 ай қызмет көрсету саласында, сондай-ақ, өндірісте және тауарды қайта өңдеу өндірісінде жұмыс істейтін, нақты әрекеттегі тұрақты бизнесі бар шағын және орта кәсіпкерлік субъектілері ғана қаржыландырылады.

Сондықтан біздің ұсынып отырған 4-13,5% аралығындағы мөлшерлемеміз бүгінгі таңда ең тиімді болып табылады. Бірінші бәсекелесіміз – «Астана-Қаржы» лизингілік компаниясы» АҚ компаниясында мөлшерлеме 12-18% дейін жетеді, «БРК-Лизинг» АҚ тура сондай мөлшерлеме бойынша қаржыландырады.

Сөйтіп, «ҚазАгроҚаржы» АҚ күшті жақтарына келесілерді жатқызуға болады:

- «ҚазАгроҚаржы» АҚ ауыл шаруашылық тауар өндірушілерге қолдау жасауға бағытталған мемлекеттік бағдарламаларды іске асыруы;
- Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін қаражаттандыру көлемін жыл сайын ұлғайтуы;
- «ҚазАгроҚаржы» АҚ жүргізетін несие-лизингілік саясат ауыл шаруашылық тауар өндірушілерді олар үшін анағұрлым тиімді шарттарда (пайыздық мөлшерлемесі төмен, лизинг мерзімі – 8 жылға дейін, төлемдерді өтеу дүркінділігі ыңғайлы, лизингке берілетін мүлікті сақтандыру) жұмылдыруға мүмкіндік береді;
- «ҚазАгроҚаржы» АҚ филиадары мен өкілдіктерінің Қазақстан Республикасының барлық облыстарында болуы;
- ауыл шаруашылығы техникаларының республикалық және шетелдік жетекші өндірушілерімен ынтымақтастық («Минск трактор зауыты» өндірістік бірлестігі, «Агромашхолдинг» АҚ, «John Deere», «Қазақстантрактор» АҚ, «Харьков трактор зауыты» ААҚ, «CNH BELGIUM N.V» компаниясы, «CLAAS» фирмасы және т.б.);

Қазақстан Республикасының жетекші сақтандыру ұйымдарымен ынтымақтастық лизингке берілетін техниканы ең тиімді шарттарда сақтандыруға мүмкіндік береді.



Корпоративтік баскару.
Ішкі ресурстарды дамыту



Жылдык есеп Годовой отчет
Annual report
2009

Корпоративтік басқару Компанияда 2006 жылғы 23 мамырда жалғыз акционердің шешімімен бекітілген Корпоративтік бас қару кодексімен регламенттелген.

«ҚазАгроҚаржы» АҚ копоративтік басқаруды Компанияның қызмет тиімділігін арттыру, оның беделін нығайту және капитал тартуға жұмсалатын шығын көлемін азайту құралы ретінде қарайды. Корпоративтік басқарудың тиісті жүйесін Қазақстан Республикасында заңның ұлықтылығын қамтамасыз етуге қосатын өз үлесі ретінде және қазіргі заманғы экономикадағы және жалпы қоғамдағы оның орнын анықтайтын фактор ретінде қарайды.

Қоғамдағы корпоративтік басқару әділдік, шындық, жауапкершілік, айқындылық, кәсіпқойлық және құзіреттілік негізінде қалыптасады. Корпоративтік басқарудың тиімді құрылымы Компанияның қызметіне мүдделі барлық тұлғалардың құқықтары мен мүдделеріне қадір тұтуды болжайды және Қоғамның табысты қызметіне, соның ішінде құндылықтарының өсуіне, қаржы тұрақтылығын және пайдалылықты ұстап тұруға мүмкіндік туғызады.

**«ҚазАгроҚаржы» АҚ корпоративтік басқару құрылымына енеді:**
- Жалғыз акционер;
- Директорлар кеңесі;
- Басқарма;
- Ішкі аудит қызметі;
- Несие комитеті.

«ҚазАгроҚаржы» акционерлік қоғамында тәуекелдіктерді басқару жүйесінің (Қаржы тәуекелдіктерін басқару қызметі) және ішкі бақылаудың (Ішкі аудит қызметі) болуы біз жүргізетін операциялар түрі мен көлемін есепке ала отырып, тәуекелдіктердің тиімді анықталуын, бағалануын және шектелімін қамтамасыз ететін тәуекелдіктерді бақылау әдістемелерінің Компаниямен қолданылуын көздейтін барабар басқару жүйесінің негізін құрайды. Осы бөлімшелердің екеуі де Қоғамның Директорлар кеңесіне бағынады.

Қаржы тәуекелдіктерін басқару қызметі Қоғамның тәуекелдіктерді басқару принциптері мен саясатының сақталуын, тәуелсіз бақылау процесін қамтамасыз ету үшін тәуекелдіктерді басқаруға байланысты тәртіптерді енгізуге және жүргізуге жауап береді.

Тәуекелдіктерді басқару процесіне Қоғам өз қызметін жүзеге асыру барысында тап болатын тәуекелдіктерді тұрақты түрде анықтау, өлшеу, бақылау және мониторингтеу жатады. Тәуекелдіктерді басқару тәуекелдіктердің әрбір түріне шектеуліктер мен лимиттік параметрлер белгілеу арқылы, резервтерді сақтандыру, әртараптандыру және қалыптастыру арқылы жүзеге асырылады. Сонымен бірге тәуекелдіктерді басқару процесі шеңберінде қызметтер мен жауапкершілік Қоғамның барлық құрылымдық бөлімшелері арасында үлестірілген.

Ішкі аудит қызметі өз алдына банктің ішкі бақылау жүйесінің тұрақты мониторингін жасау және капиталды бағалау бойынша ішкі тәртіптерінің бөлігі болып табылады, өйткені ішкі аудит баламалылықтың тәуелсіз бағалануын және банктің белгіленген ішкі саясаты мен тәртіптерінің сақталуын қамтамасыз етеді. Ішкі аудит қызметі Компания басшылығы мен Директорлар кеңесінің өз міндеттерін тиімді және ұтымды орындауына ықпалын тигізеді.

Ішкі аудит қызметінің негізгі міндеттері:
- ішкі бақылау жүйесінің баламалылығын және тиімділігін тексеру және бағалау;
- тәуекелдіктерді басқару процедураларының және тәуекелдіктерді бағалау әдіснамаларының қолданылуын және тиімділігін тексеру;
- менеджмент және қаржы ақпараттарының жүйелерін тексеру, электрондық ақпарат жүйелері мен электрондық банк қызметтерін бірге қосқанда;
- бухалтерлік есеп және қаржылық есептілік жазбаларының дәлдігін және дұрыстығын тексеру;
- активтерді сақтау құралдарын тексеру;
- банк тәуекелдіктерін бағалауға байланысты оның капиталын бағалау бойынша банк жүйесін тексеру;
- операциялардың тиімділігін бағалау;
- транзакциямен қатар ішкі бақылаудың нақты процедураларының жұмыс істеуін тестілеу;
- құқықтық және реттеуші талаптардың, қылықтар кодексі және әдістемелер мен процедуралар жүргізудің сақталуын қамтамасыз етуге қажетті жүйелерді тексеру;
- қаржылық есептіліктің дұрыстығын және уақыттылылығын тестілеу;
- арнаулы тексерістерді жүзеге асыру.

Сөйтіп, тәуекелдіктерді бағалау және Компаниядағы барлық операцияларды бақылау «ҚазАгроҚаржы» АҚ қызметіне байланысты барлық тәуекелдіктерді барынша азайтуға мүмкіндік береді, ақырында ол несие қоржыны сапалылығының оң серпінін береді.






**«ҚазАгроҚаржы» АҚ Директорлар кеңесінің құрамына енетіндер:**

1. Мамытбеков Асылжан Сарыбайұлы – «ҚазАгроҚаржы» АҚ Директорлар кеңесінің Төрағасы - «ҚазАгро» Ұлттық басқарушы холдинг» АҚ Басқарма Төрағасы;
2. Бейсенғалиев Берік Тұрсынбекұлы – «ҚазАгроҚаржы» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі - «ҚазАгро» Ұлттық басқарушы холдинг» АҚ Басқарма Төрағасының орынбасары;
3. Малелов Нұрлыбек Төлебайұлы – «ҚазАгроҚаржы» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі - Басқарушы директор – «ҚазАгро» Ұлттық басқарушы холдинг» АҚ Басқарма мүшесі;
4. Еденбаев Еркеғали Серікұлы – тәуелсіз директор;
5. Кенжебаев Әділхан Айтқазынұлы – тәуелсіз директор;
6. Айтжанов Дулат Нулиұлы – «ҚазАгроҚаржы» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі - «ҚазАгроҚаржы» АҚ Басқарма Төрағасы.

**«ҚазАгроҚаржы» АҚ Басқарма құрамына енетіндер:**

1. Айтжанов Дулат Нулиұлы – «ҚазАгроҚаржы» АҚ Басқарма Төрағасы;
2. Спанов Есмұхамет Барамбайұлы – «ҚазАгроҚаржы» АҚ Басқарма Төрағасының Орынбасары;
3. Мақажанов Дәурен Сәбитұлы – «ҚазАгроҚаржы» АҚ Басқарма Төрағасының Орынбасары;
4. Өмірълиев Ербол Жұмабайұлы – «ҚазАгроҚаржы» АҚ Басқарушы директоры;
5. Өміртаев Қайрат Әбуғалиұлы – «ҚазАгроҚаржы» АҚ Басқарушы директоры;
6. Найзабеков Қайрат Ғалымжанұлы – «ҚазАгроҚаржы» АҚ Басқарушы директоры.

## Сапа менежмент жүйесі

2008 жылдың тамыз айында «ҚазАгроҚаржы» АҚ банкінің қарыз және лизинг операцияларын жүзеге асыруға ISO 9001:2000 стандарт талаптарына сәйкес Сапа менеджмент жүйесіне сәйкестік сертификатын алды.

«Moody International» жетекші американдық компаниясы СМЖ енгізу саласында ISO 9001:2000 халықаралық стандартқа сәйкестігіне СМЖ сертификаттау жүргізді.

Кейін «Moody International», сертификаттау бойынша орган ретінде «ҚазАгроҚаржы» акционерлік қоғамындағы сапа менеджмент жүйесінің даму барысын бақылап, сапа менеджмент жүйесінің ISO 9001:2000 стандарт талаптарына сәйкестігін растау үшін жыл сайынғы бақылау аудиттерін жүргізеді.

2009 жылдың тамыз айында «Moody International» аудиторлары «ҚазАгроҚаржы» акционерлік қоғамындағы СМЖ бақылау аудитін ойдағыдай жүргізді. «Moody International» аудиторлары банкінің қарыз және лизинг операцияларын жүзеге асыруға бағытталған «ҚазАгроҚаржы» акционерлік қоғамының сапа менеджмент жүйесі енгізіліп, ойдағыдай жұмыс істейтінін дәлелдеді.

2008 жылдың қараша айында ISO 9001:2008 халықаралық стандартының жаңа нұсқасының басылып шығуына байланысты «ҚазАгроҚаржы» акционерлік қоғамындағы 2010 жылдан бастап СМЖ құжатталған тәртіптеріге өзгертулер енгізу арқылы ISO 9001:2008 халықаралық стандартының жаңа нұсқасына көшетін болады.

## Кадр және әлеуметтік саясат. Қайырымдылық көмек

Қоғамның кадр саясаты қызметкерлерді ұзақ мерзімдік басқаруға көзделген, басты мақсаты Қоғамның еңбек ресурстарына деген қажеттіліктерін уақытында және толығымен қанағаттандыру, нақты мерзімдік шекте қажетті сапасы мен санын қамтамасыз ету болып табылады. Білікті, ынталы, жоғары дәлімді, қарқынды да сапалы жұмысты көздеген жұмыскерлер Қоғамның басты қазынасы және бәсекеге жарамдылықтың ең маңызды көзі болып қаралады.

Кадр саясатының негізгі мақсаты Қоғамның стратегиялық мақсаттарын орындау үшін өзіне біліктілігі жоғары жұмыскерлерді тартуға, дамытуға және мотивациялауға негізделген қызметкерлерді басқарудың тиімді жүйесін құру және жетілдіру болып табылады.

Кадр саясатын іске асыру негізі - тиімді ұйымдық құрылымының және оңтайлы кадр құрамының болуы. Қоғамдағы жұмысқа біліктілігі жоғары мамандарды жұмыс істеу үшін тарту мақсатында әрбір нақты лауазымға үлгідегі біліктілік талаптар әзірленуде. Біліктілігі жоғары мамандар кандидаттардың біліктілігі мен кәсіптік құзірет деңгейіне қойылатын талаптарға сәйкес, тек Қоғам ұжымында жұмыс істеген кезінде пайдасы тиетін олардың кәсіпқойлық қасиеттері негізінде ғана іздестіріліп, іріктеледі.

Жұмыскерлердің жоғары кәсіпқойлық деңгейі қуатталып, бойындағы бар білімі мен шеберлігін біртіндеп жетілдіру арқылы, жұмыскерлерді қайта дайындап, олардың біліктілігін көтеру арқылы үнемі үйретіп-оқыту жүйесінде дамиды.

Персоналды мотивациялау мен ынталандырудың тиімді жүйесін құру және дамыту әр жұмыскердің өзінің жеке еңбек қызметінің жоспарлаған нәтижелілігіне жетіп, оның нәтижелерін жақсартуда тікелей және тұрақты мүдделілігін қамтамасыз етуден тұрады. Компания жұмыскерлері Компания ішінде ғана емес, сонымен қатар басқа ұйымдармен, мемлекеттік және өзге де органдармен өзара қарым-қатынаста жағымды имидж құру жолында еңбек етіп, отаншылдықты дамытуға, Компания ұжымында корпоративтілік пен жағымды әлеуметтік-психологиялық ахуалға тәрбиелеп, оны насихаттауға өз ықпалын тигізеді.

**«ҚазАгроҚаржы» АҚ әлеуметтік саясатының негізгі бағыттары**

Компанияның әлеуметтік саясаты Қазақстан Республикасы заңдарына сәйкес жұмыскерлердің конституциялық құқықтарын іске асыру шеңберінде олар үшін әлеуметтік-экономикалық жағдайды дамытуға бағытталған.

Әлеуметтік саясат жұмыскерлердің жоғары әлеуметтік қорғалу деңгейін қамтамасыз етеді, олардың толық құнды қызметіне және еңбегіне сайма-сай сыйақы алуына жағдай жасайды, кәсіптік, жеке бас және мансап тұрғысынан өсуіне мүмкіндік беріп, Компания мен жұмыскерлердің ұзақ мерзімді, тиімді және жемісті қарым-қатынастарға деген мүдделілігін артады, соның нәтижесі - жоғары еңбек тиімділігіне жету.

Әлеуметтік саясаттың мақсаты Компанияның әлеуметтік бағыттылығын дамыту, жүйелі түрде жұмыскерлердің тұрмыс деңгейін көтеру, негізгі әлеуметтік игіліктерге жаппай қол жетімділікті, ең алдымен ұжымда жайлы психологиялық климатты қамтамасыз ету болып табылады.

Қоғам басшылығы жұмыскерлер үшін әлеуметтік және өзге да кепілдіктерді қамтамасыз етеді: Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасын іске асыру; еңбек қауіпсіздігі мен қорғау талаптарына сәйкес жұмыс орны; еңбек міндеттерін орындау кезінде жұмыскерлердің өмірі мен денсаулығына зиян келтірген үшін жұмыс берушінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру; ерікті медициналық сақтандыру; ақылы еңбек демалысы; бала туғанда (бала асырап алғанда), жұмыскер некелескенде, жұбайы немесе жақын туған-туысқаны қайтыс болғанда, жұмыскерлерге материалдық көмек көрсету; еңбекке мерзімдік-сыйлықақы төлеу жүйесі; жұмыскерлерді демалыс және мейрам күндері жұмысқа жұмылдырған кезде өтемақы төлеу; жұмыскерлер іссапарда болған кезде еңбекақы төлеу; кәсіби оқу және біліктілігін арттыру мүмкіндігі.

Әлеуметтік саясатты ойдағыдай іске асыру жауапты жұмыскер әрі әлеуметтік-бағытталған ұйым ретінде Компанияның бәсекеге қабілеттілігінің өсуіне және беделінің нығаюына ықпалын тигізеді.

**Қайырымдылық көмек**

2009 жылдың жоспары бойынша 5 000 000 теңгеге қайырымдылық және демеулік көмек жасау қамтылған болатын, факт бойынша түрлі көлденең ұйымдармен бұл мақсаттарға есеп беру кезеңінде шығындар 5 058 693 теңге құрады, соның ішінде:

- 8 Наурыз халықаралық әйелдер күні және «Наурыз мейрамы» қарсаңында Астана қаласының «Қазақ соқырлар қоғамы» ҚБ филиалының қалалық басқармасына қайырымдылық көмек көрсетілді;
- II Астана экономикалық форумын ұйымдастырып, өткізу үшін «Экономикалық зерттеулер институты» АҚ демеулік көмек көрсетілді;
- «Жас жүрек» ҚБ қолдауымен іштен жүрек ақауымен туған және жедел операцияны қажет ететін балаларға көмек көрсету үшін «Өзгерістер желі» ынталы тобы өткізген «Менің жүрегім бар» атты қайырымдылық жобаға қатысты;
- «Олжас Сүлейменов атындағы жетімдер және мүгедектер орталығы» Қоғамдық қорына атаулы демеулік көмек көрсетілді және т.б.

«ҚазАгроҚаржы» АҚ Басқарма шешімімен Ақкөл ауданының Урюпинка селосындағы № 2 Балалар үйі «ҚазАгроҚаржы» АҚ қамқорлығына алынған балалар үйі болып белгіленген. Жыл бойы Компания балалар үйіне әр түрлі көмек көрсетті - сыйлықтар сыйлап, техникалық жарақтандырып, жөндеуге қаржылай көмек көрсетіп отырды.



2009 жылдың жетістіктері.
Еліміз үшін компанияның
маңыздылығы.
Ірі жобалардың
сипаттамасы



Жылдық есеп Годовой отчет
Annual report

2009

«ҚазАгроҚаржы» АҚ құрылғаннан бері барлығы 5000 лизинг және қарыз шарттары жасалған, олар бойынша инвестиция сомасы 167,0 млрд.теңге құрады. 2009 жылы еліміздің шамамен 600 шаруашылық жүргізуші субъектілеріне қаржылай көмек көрсетілді




Қазақстан Республикасы агроөнеркәсіптік кешеннің субъектілерін қолдау шеңберінде 2009 жылы «ҚазАгроҚаржы» АҚ 36 427,9 млн.теңгеге шарт жасасты, соның ішінде лизинг бойынша 33 482,6 млн.теңге, несиелендіру арқылы 2 945,3 млн.теңге.

Бұл қаражаттан жалпы сомасы 19 749,2 млн. теңгеге 1 363 бірлік ауыл шаруашылығы техникаларын сатып алу қаржыландырылды, соның ішінде: 375 бірлік трактор, 690 бірлік астық жинауыш комбайн, 111 бірлік сепкіш және 187 басқа да ауыл шаруашылығы техникалары. Сондай-ақ, жалпы сомасы 1 242,9 млн.теңгеге 59 бірлік арнаулы техникалар мен жалпы сомасы 692,1 млн.теңгеге 8 бірлік ауыл шаруашылық өнімдерін қайта өңдеу жабдықтары сатып алынды.

Аймақтарға техниканың айтарлықтай көлемде жеткізілгені туралы келесі жайт айтады: «ҚазАгроҚаржы» АҚ сатып алған егіс кешендерімен шамамен 2,1 млн.га алаңға егін себілді, бұл ҚР жалпы егіс алаңының (21,4 млн.га) шамамен 10% құрайды. Ал енді біздің комбайндармен 6,5 млн.гектар алаңнан астық жиналды, бұл ҚР жалпы астық жинау алаңының 31% құрайды.




## Инвестициялық жобаларды іске асыру

Ұлттық Қор қаражаты есебінен инвестициялық жобаларды іске асыру бойынша Елбасы мен Үкімет қабылдаған шешімдерге негізделе отырып, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Бірінші Орынбасары Ө.Е. Шөкеевтің басшылығымен «ҚазАгро» Ұлттық басқарушы холдинг» АҚ Директорлар кеңесі нақты 11 бағытты және оларды қаржыландыру лимиттерін анықтады, сол бойынша аталған жобалар іске асырылатын болады. Сондай-ақ, «ҚазАгро» Холдингісінің еншілес компаниялары анықталған, солар арқылы аталмыш жобалар қаржыландырылатын болады.

«ҚазАгроҚаржы» АҚ алты инвестициялық жобалар бойынша оператор болып тағайындалды. Бұл 1) тауарлы-сүт фермаларын; 2) жылыжай шаруашылықтарын; 3) құс фабрикаларын; 4) көкөніс қоймаларын; 5) тамшылатып суару технологиясын қолданумен жеміс-көкөніс өнімдері өндірістерін құру және қолданыстағыларын дамыту; 6) ауыл шаруашылығы техникаларын құрастыру өндірісін ұйымдастыру. Аталмыш жобалар бойынша инвестициялау көзі – Қазақстан Республикасы Ұлттық Қоры.

Инвестициялық жобаларды іске асырудың негізгі принциптері біріншіден, іріктеу жүргізудің жариялылығы. Яғни іріктеу жүргізу туралы барлық хабарлар еліміздің барлық аумақтарына таратылатын бұқаралық ақпарат құралдарында мемлекеттік және орыс тілдерінде жарияланады, бұл республикалық және облыстық газеттер, аудандық деңгейде жариялауға дайындық жүріп жатыр, оған қоса біздің корпоративтік сайтта жарияланады.

Сонымен бірге барлық тапсырылған өтінімдер Қоғамның және «ҚазАгро» Холдингісінің қарап шығарған нәтижелеріне қарамастан, түпкілікті шешім қабылдайтын Қоғамдық комиссияға жіберіледі. Қосымша әрбір жоба бойынша Қоғамдық комиссияның қабылдаған шешімдерінің нәтижелері де бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланады. Қоғамдық комиссия құрамына Компанияның, басқарушы Холдингтің және ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігінің ресми өкілдерінен басқа ассоциация өкілдері мен депутаттар енгізілген, бұл әрбір жобаны толығымен әділ қарауға мүмкіндік береді.

Іріктеудің ашықтылығы – бұл іріктеуге қатысу үшін өтінімді тілек білдіруші тұлғалардың бәрі де түгел бере алады дегенді білдіреді.

Іріктеудің айқындығы – бұл барлық іріктеу процедураларының нормативтік регламенттелуі, барлық қатысушыларға арналған бірыңғай ережелер, талаптар, сондай-ақ, Қоғамдық комиссиямен барлық өтінімдердің қаралуы.

Бұл принциптер, ең алдымен, қандай болмасын жемқорлық көріністерін болдырмауға бағытталған.

Компания ықтимал қарыз алушылармен қатар іске асырылып жатқан жобаларға қатысты талаптар әзірледі, әрі ивестициялық бағытқа қарап спецификалық талаптар ескерілетін болады.

Барлық ықтимал қарыз алушылар үшін ортақ болып табылады: құқықтық қабілетінің және төлем төлеу қабілеттілігінің болуы; үш айдан асатын мерзіммен салық берешегінің болмауы; кәсіпорынның қайта құрылу, жойылу, банкротқа ұшырау процедураларының, сонымен қатар кәсіпкерлік қызметтегі қандай да болсын шектеуліктердің болмауы; мерзімі өткен несие берешектерінің және жағымсыз несие тарихының болмауы. Инвестицияланған қаражаттың қайтарылмайтындық тәуекелдігін барынша азайту үшін және қоғамнан алынған қаржыландыру бойынша міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету үшін Қарыз алушының тағы да жеткілікті кепілдіктік базасы немесе басқа да ресурстары болуға тиіс. Уәкілетті органды қуаттау үшін акционердің немесе қарыз алушының құрылтайшыларының «ҚазАгроҚаржы» акционерлік қоғамынан қаржыландыру алу туралы келісімі қажет.

Қарыз алушының жоба бойынша шығындарды 15% кем емес мөлшерде өз бетімен қаржыландыру мүмкіндігі, сонымен қатар материалдық-техникалық базасының әрі білікті мамандарының болуы міндетті болып табылады.

Қарыз алушының қаржыландыру алуды жоспарлаған саладағы еңбек тәжірибесінің маңызы да аз емес.

Бұрын айтылып кеткендей, талап тек қарыз алушыларға ғана емес, сонымен қатар жоспарланған жобаларға да қойылады. Инвестициялық жобаларды іске асыра отырып, Қоғам қысқа мерзімде еліміздің азық-түлік нарығына бағасы жағынана да, сапасы жағынан да бәсекеге жарамды дайын өнім шығара алатын тиімді, рентабельді өндірістер құруға ерекше назар аударады.

Сондықтан жоба өндіретін өнім көлемін көбейте отырып, жаңа өндірістер құрып, қолданыстағыларын дамытуға бағытталуға тиісті, ол үшін қазіргі заман технологиялар қолданылып, экологиялық қауіпсіздік нормалары сақталатын болады. Солай бола тұрса да, инвестициялық жоба көрсеткіштерінің тиімділігі, жобаның рентабельділігі және жоба өтімділігінің баламалы мерзімі сияқты маңызды факторларға көңіл бөлмесек болмайды. Қазақстандық мөлшер үлесін арттыру мақсатында тауар өндіріп, қызмет көрсету кезінде біз қарыз алушылардың жергілікті өндіруші тауарларын, жұмыстары мен қызметтерін басым пайдалану мүмкіндігіне көңіл бөлеміз.

Кейбір бағыттар бойынша жобаларға қойылатын талаптарға келсек, ең алдымен біз әр бағыттағы озық технологиялардың қолданылуына назар аударамыз. Инвестициялық жобалардың іске асырылуы қазіргі ауыл шаруашылығы саласындағы проблемалардың ең болмаса бір бөлігін

шешуге мүмкіндік беруге тиіс. Мысалға, сүт өнеркәсібінде бұл сауын малдың аз өнімділігі, сүт өндірісіндегі айтарлықтай дисбаланс және қайта өңдеу өндірістер жүктемесінің әркелкілілігі, сүт өнімдерінің 70-80% дейін жететін импорты.

Сондықтан тауарлы-сүт фермасын салу кезінде жобаларға қойылатын басты талап озық технологияларды енгізу, біздің жағдайымызда малды бос жіберіп асырау және сауу технологиясын енгізу және жоғары өнімді асыл тұқымды малды пайдалану.

Ет бағытындағы қазіргі заман құс фабрикаларын құру бойынша жобаларды іске асыра отырып, ең алдымен Қазақстанның құс еті импортына деген тәуелділік проблемалары шешіледі. Ал басымдық құсты еденде және торда асырау технологияларын енгізуді көздейтін жобаларға берілген.

Жылыжай шаруашылықтарын, көкөніс қоймаларын және тамшылатып суару технлогиясын қолданумен жеміс-көкөніс өнімдерін өсіру өндірістерін құру бойынша жобалар біріншіден, халықты маусымаралық кезеңде арзан бағамен жеміс-көкөніс өнімдерімен қамтамасыз етуге, жеміс-жидектердің импортын азайтуға байланысты проблемаларды шешуге бағытталған, ал екіншіден, біздің ірі қалаларымыздың маңайында жеміс-көкөніс өнімдерінің қорын қалыптастыруға бағытталған.

Сондықтан Қоғам тек қазіргі заман озық технологияларды қолданатын жобаларды ғана қарайтын болады.

Техника құрастыру бойынша біздің негізгі қаржыландыру шарттарымыз жергілікті еңбек ресурстарын пайдалана отырып, өндірісті ішінара немесе толық оқшауландыру болып табылады.

2009 жылы осы бағыт бойынша бір жоба қаржыландырылды. Бұл – «СемАЗ» АҚ зауытының негізінде «Беларус» тракторларын құрастыру. Аталмыш жобаны іске асыру ауыл шаруашылық тауар өндірушілерді қажетті егіс, топырақ өңдегіш, астық жинағыш техникаларымен қамтамасыз етуге, отандық өнімнің бәсекеге қабілеттілігін арттыруға, жақын және алыс шетел мемлекеттерінің импортын қысқартуға мүмкіндік береді. Өндіріс номенклатурасы мен көлемі жыл сайын ұлғайтыла отырып, қосымша жұмыс орындары құрылады. Жоғары және кәсіптік-техникалық оқу орындарында оқитындар өндірістік практика өту үшін техникалық база құруға және өндіріске отандық патентті зерттемелер енгізуге мүмкіндік туады. Құрастыру өндірісін құру салық преференцияларын ҚҚС-тан босату және корпоративтік табыс салығын азайту түрінде көлік шығындарын төмендету есебінен техниканың бағасын арзандатуға мүмкіндік береді. Бұл тәрізді жобаларды іске асыру Қазақстан мен Беларусь Республикасы арасындағы іскерлік ынтымақтастық өрісінің кеңейуін көздейді. Осы факторлардың бәрі де ұлттық машина жасау саласының дамуына оң әсерін тигізетіні сөзсіз.

Бір қарағанда, қарыз алушыларға да, жобаларға да өте көп талап қойылған тәрізді екені түсінікті, алайда, компанияның он жыл тәжірибесін ескере келсек, аталған шарттардың кез келгенін сақтамау Компаниямен қатар, оның қарыз алушыларын да ұнамсыз нәтижелерге әкелуі мүмкін.

Алайда қолайлы қаржыландыру шарттары ауыл шаруашылық тауар өндірушілердің конкурсқа деген қызығушылықтарын тудырды: бұл жылдық 6%-бен лизинг және несие, 2 жылға дейін жеңілдікті кезең және негізгі борышты жылына бір рет төлеу. Тәжірибе көрсеткендей, мұндай шарт біздің қарыз алушылардың қаржы жүктемесін едәуір жеңілдетіп, қаражаттарын басқа қажеттіліктерге жұмсауға мүмкіндік береді.

2009 жылдың басынан бастап аталмыш бағдарлама бойынша «ҚазАгроҚаржы» АҚ 14 жобаны қаржыландыра бастаған




### Ірі тауарлы-сүт фермаларын қаржыландыру

**«Рза» АҚ** – Қызылорда облысындағы 660 бас малға арналған құны 1 694,8 млн. теңге ТСФ құрылысы. Тауарлы-сүт фермасына арналған жабдықтың жеткізушілері Mas Agro (Нидерланды) компаниялары болып табылады.

**«Айс» ЖШС** – Ақтөбе облысындағы 1 100 бас малға арналған құны 3 136,2 млн. теңге ТСФ құрылысы. Тауарлы-сүт фермасына арналған жабдықтың жеткізушісі Van der Plag International B.V.(Нидерланды) компаниясы болып табылады.

**«Садчиковское» ЖШС** – Қостанай облысындағы 400 бас малға арналған құны 806,2 млн. теңге ТСФ құрылысы. Жабдықтың жеткізушісі Agralis GMbH компаниясы болып табылады, ірі қара малдың жеткізушісі - Hunland Trade Kft (Венгрия) компаниясы.

Аталған фермалар 2010 жылы салынып, іске қосылмақшы болып жоспарланып отыр. Жобалардың іске асырылуы асыл тұқымды сауын сиырлардың үлес салмағын арттыруға, сүт өндірісін ұлғайтуға, түрлі аймақтардағы сүтке деген ішкі қажеттіліктің жеткіліктілігін қамтамасыз етуге, импортқа тәуелділікті едәуір төмендетуге мүмкіндік беретін болады. Бұдан басқа қосымша 300 жаңа жұмыс орнының құрылуы да айтарлықтай маңызды болып табылады.

### Құс фабрикаларын құруды қаржыландыру

**«Ордабасы Құс» ЖШС** – Оңтүстік Қазақстан облысында құны 3 802,2 млн. теңге күркетауық өсіріп, сою және етін қайта өңдеу бойынша құс фабрикасын құру. Құс фабрикасының өндірістік қуаты – жылына 4 800 тонна құс етін өндіру. Жабдықтың жеткізушісі «M.A.D. Developing Agricultural Projects» LTD (Израиль) болып табылады.

Бұл - күркетауық өсіріп, етін қайта өңдеу бойынша Қазақстанда жалғыз жоба болып саналады. Іске қосу барысында 500 жұмыс орны құрылмақшы, соның ішінде 250 – жергілікті тұрғындардан, 230 – оралмандардан тұрады.

**«Жас Қанат Бройлер құс фабрикасы» ЖШС** – қолданыстағы құс фабрикасын жаңғырту – Қостанай облысында тереңдетіп қайта өңдеумен бройлер етін өндірудің тұйықталған кезеңдегі кешенін құру, құны 692,2 млн.теңге. Құс фабрикасының өндірістік қуаты – жылына 1 880 тонна құс еті. Жабдық жеткізушісі Алматы қаласындағы «CROWN CENTRAL ASIA» ЖШС болып табылады (өндірушілер: Big Dutchman (Германия), Crown Worldwide (США), Pas Reform B.V. (Нидерланды).

**«Комсомольская құс фабрикасы» ЖШС** - Қостанай облысында құны 2 939,3 млн. теңге қолданыстағы құс фабрикасын дамыту. Құс фабрикасының өндірістік қуаты – жылына 12 000 тонна құс еті. Жабдық жеткізушісі Lorenz Trading (Германия) болып табылады. Өндірушілер: Farmer Automatic (Германия), Schmidt-Seeger GmbH (Германия), EMF Lebensmitteltechnik - Anlagenbau GmbH (Германия), EMKA (Бельгия).

**«Здоровые продукты» ЖШС** – Қарағанды облысында құны 1 619,4 млн. теңге құс фабрикасын құру. Құс фабрикасының өндірістік қуаты – жылына 5 000 тонна құс еті. Жабдық жеткізушісі ПО Техна (Украина) ЖШҚ болып табылады, "Medicus-M" ЖШС (Қазақстан), "Хорольский механический завод" ЖШС (Украина).

**«Өскемен құс фабрикасы» АҚ** – Шығыс Қазақстан облысында құны 2 643,5 млн. теңге қолданыстағы өндірісті жаңғырту. Жабдық жеткізушісі Big Dutchman (Германия), Pas Reform (Нидерланды) компаниялары болып табылады.

Жалпы құс фабрикаларын іске қосу барысында 600 аса жаңа жұмыс орындарын құру шамаланып отыр.

### Жылыжай кешендерін қаржыландыру

**«Green Technology» ЖШС** – Қарағанды облысында құны 979,1 млн. теңге тұратын 3 га алаңға жылыжай кешені. Жобалық қуаты – жылына 1 700 тоннадан астам көкөніс. Жабдық жеткізушісі «Агрисовгаз» (Ресей) ЖШҚ болып табылады.

**«Қазақстан жылыжай технологиялары» ЖШС** – Ақмола облысында құны 1 049,1 млн. теңге 3,56 га арналған жылыжай кешені. Жобалық қуаты: 2010 жылға – жылына 700 тоннадан астам көкөніс, 2011 жылға – жылына 1 800 тоннадан астам көкөніс. Жабдық жеткізушісі «Агрисовгаз» (Ресей), Agrotech-Didam BV (Голландия) болып табылады.

**«Green House – Зеленый Дом» ЖШС** – Алматы облысында құны 1 140,9 млн. теңге 4 га арналған жылыжай кешені. Жобалық қуаты – жылына 3 000 тоннадан астам көкөніс. Жабдық жеткізушісі «Агрисовгаз» (Ресей) ЖШҚ болып табылады.

Жалпы жобаларды іске асыру нәтижесінде шамамен 160 жаңа жұмыс орнын құру болжалданған.

### Көкөніс қоймаларын қаржыландыру

**«Иртыш-ТАНур плюс» ЖШС** – Шығыс Қазақстан облысында құны 139,5 млн. теңгеге 3000 тонна картоп сақтауға арналған көкөніс қоймасын құру. Жабдық жеткізушісі Mas Agro компаниясы. Жобаны іске асыру нәтижесінде 16 жаңа жұмыс орнын құру шамаланып отыр.

### Ауыл шаруашылығы техникаларын құрастыру өндірісін ұйымдастыруды қаржыландыру

**«СемАЗ» ЖШС** – Шығыс Қазақстан облысында құны 1 215,1 млн.теңге «Беларус» тракторларын құрастыру өндірісін ұйымдастыру. Өндірістік қуаты: 2009 жылы – 300 бірлік техникадан бастап, 2016 жылы - 875 бірлік техникаға дейін. Бұл ретте шамамен 114 жаңа жұмыс орны құрылады.

**Тамшылатып суару технологиясын қолданумен жеміс-көкөніс дақылдарын өндіруді қаржыландыру**

Жеміс-көкөніс кластерін дамыту шеңберінде Компания 2009 жылы Атырау облысында құны 148,2 млн.теңге «Атырау Агро Өнімдері» ШҚ 39 га жерге тамшылатып суару технологиясымен жеміс-көкөніс дақылдарын өсіру бойынша жобасын қаржыландыра бастаған. Аталмыш жоба бойынша ILMARK (Израиль) компаниясынан тамшылатып суару жүйесі және "Көгерсін" ЖШС компаниясынан тамшылатқыш түтіктер сатылып алынды. Жобалық қуаты – жылына 2 460 тонна жеміс-көкөніс дақылдары.

Тамшылатып суару технологиясының енгізілуі топырақтың су-ауа балансын оңтайлы қамтамасыз етуге, су үнемдеуге, шығымдылықты 50-70% арттыруға, жеміс-көкөніс өнімдерін өсіру көлемін ұлғайтуға мүкіндік береді.

Атырау облысында тамшылатып суару бойынша жобаны іске асыру 10 адамды жұмыспен қамтуға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар Компания есептілік кезеңінде Алматы және Астана қалаларының маңайында азық-түлік белдеулерін құруда қатысты. Азық-түлік белдеуін құру жобасы Қазақстан Республикасы Президентінің тапсырмасы бойынша іске асырылады.

2009 жылы Алматы қаласының маңайында азық-түлік белдеуін іске асыру шеңберінде «ҚазАгроҚаржы» акционерлік қоғамына жалпы сомасы 25,1 млрд. теңгеге 22 шаруашылық өтінім жасады, оның ішінде Несие комитеті 163 млрд. теңгеге 2 шаруашылықтың жобаларын мақұлдады. Қаражат балық шаруашылығын дамытуға, жылыжай кешенін құруға бағытталған.

Астана қаласының маңайында азық-түлік белдеуінің бағдарламасын іске асыру шеңберінде Компанияға жалпы сомасы 33,1 млрд. теңгеге 36 шаруашылық өтінім жасады, оның ішінде Несие комитеті 6,0 млрд. теңгеге 9 шаруашылықтың өтінімдерін мақұлдап, 8 шаруашылықпен 3,3 млрд. теңгеге лизинг/қарыз шарттарын жасасты.

Аталмыш қаражаттар құс фабрикаларын салып дамытуды, жылыжай кешендерін құруды, диірмен жабдықтарын, сонымен қатар май-тоң май өнімдерін қайта өңдеу жабдықтарын сатып алуды қаржыландыруға жұмсалған.

Аталмыш бағдарламаларды іске асыру Қазақстанның ірі қалалары мен оларға жақын жатқан облыстарды азық-түлік тауарларымен, қажетті азық өнімдерімен қамтамасыз етуге және аталмыш аймақтардың импортқа тәуелділік деңгейін ішінара төмендетуге мүмкіндік береді.

«КазАгро Каржы» АК
негізгі
каржы натижелері

Жылдык есеп Годовой отчет
Annual report
2009



2009 жылы «ҚазАгроҚаржы» АҚ жиынтық табысы 13 147,37 млн. теңге құрады, бұл ретте 12 059,47 млн. теңгесі жұмсалған. Қаржы қызметін мұқият жоспарлау және жыл бойы жасалған шығындарды оңтайландыру олардың құрылымдарын жақсартуға мүмкіндік туғызды.

Бұл ретте Компанияның негізгі қызметі бойынша (сыйақы алуға байланысты) табыстары 19,15 % өсті, бұл тартылған инвестициялардың өсуіне байланысты, оның үстіне берілген қаржы жалгерлігі бойынша табыстар 76,01%-ға, берілген қарыздар бойынша табыстар 2008 жылмен салыстырғанда, 2009 жылы 3,93% өсті.

«ҚазАгроҚаржы» АҚ табыс құрылымында 2009 жылы ең көп ара салмақты сыйақы алуға байланысты табыстар алады, соның ішінде: лизинг бойынша – 27,2 %, берілген несиелер бойынша – 23,1 %.

Компанияның шығындары 2009 жылы 12 059,47 млн. теңге құрап, 2008 жылмен салыстырғанда 85,64 % өсті.

Шығындар құрылымында 2009 жылы ең көп ара салмақты шетел валютасын қайта бағалаудан болған шығындар алады – 49,6%, алынған қарыздар бойынша шығындар – 16,3 %, резервтерге (провизияларға) жұмсалған шығындар – 10,7%.

### «ҚазАгроҚаржы» АҚ табыстары мен шығындарының серпіні

| | 2008 жыл | 2009 жыл | 2009 жыл 2008 жылға % ара қатынаста |
|---|---|---|---|
| Табыстар | 7 772,49 | 13 147,37 | 69,2 |
| Шығындар | 6 496,08 | 12 059,47 | 85,6 |
| | млн. тг | млн. тг | % |

### Қаржы нәтижесі.
### Негізгі қаржы көрсеткіштері

«ҚазАгроҚаржы» АҚ қызметінің соңғы жылдардағы негізгі қаржы көрсеткіш серпінінің өсуге беталысы байқалады, бұл «Ernst & Young» аудиторлық компаниясының жүргізген аудиторлық тексерісінің нәтижелерімен дәлелденеді.

### Негізгі қаржы көрсеткіштерінің серпіні, млн. тг.

| Көрсеткіштер | 2006 | 2007 | 2008 | 2009 |
|---|---|---|---|---|
| Активтер | 34 391,9 | 56 023,2 | 86 668,7 | 105 331,9 |
| Меншікті капитал, соның ішінде | 22 159,6 | 29 296,4 | 47 400,1 | 50 999,7 |
| Жарғылық капитал | 21 825,6 | 28 825,6 | 47 150,2 | 48 450,2 |
| Міндеттемелер | 12 232,3 | 26 726,7 | 39 268,6 | 54 332,2 |
| Жиынтық табыстар | 2 376,6 | 3 491,0 | 7 772,5 | 13 147,4 |
| Жиынтық шығыстар | 1 493,6 | 2 944,9 | 6 496,1 | 12 059,5 |
| Таза табыс | 883,0 | 546,1 | 1 276,4 | 1 087,9 |
| Активтердің табыстылылығы (ROA),% | 2,99 | 1,21 | 1,79 | 1,13 |
| Капиталдың табыстылылығы (ROE),% | 4,79 | 2,12 | 3,33 | 2,21 |

ROA активтерінің табыстылық (рентабельділілік) көрсеткіші кез келген компанияның активтерін пайдалану тиімділігін сипаттау үшін ең маңызды көрсеткіштердің бірі болып табылады. Басқа қаржы ұйымдарымен салыстырғанда, «ҚазАгроҚаржы» АҚ активтерінің рентабельділік көрсеткіші едәуір төмен, бұл жарғылық мақсаты активтерінің жоғары табыстылығы емес, республиканың аграрлық секторын жеңілдікті қаржыландыру болып анықталған Компания қызметінің ерекшелігене байланысты.

Осыған байланысты негізгі қызметі бойынша Компания табыстылығының деңгейі ауыл шаруашылық тауар өндірушілер үшін лизинг бойынша төмен (жеңілдікті) сыйақы мөлшерлемесін белгілеумен алдын ала анықталған.





Жылдық есеп Годовой отчет
Annual report
2009

### «ҚазАгроҚаржы» АҚ қаржы көрсеткіштерінің серпіні




### Таза табыс серпіні

2009 жылдың қызмет қорытындысы бойынша «ҚазАгроҚаржы» АҚ жақсы қаржы нәтижесін - 1 087,9 млн. тг. таза табыс алды.




2008 жылмен салыстырғанда «ҚазАгроҚаржы» АҚ 2009 жылғы таза табысының мөлшері 14,8 % төмендеді. Таза табыс мөлшерінің төмендеуі шетел валютасын қайта бағалаудан болған шығындардың көбеюінен: 2008 жылмен салыстырғанда аталмыш шығындар 2 441,2% өсті.

Жалпы алғанда соңғы 4 жыл ішінде Компания табыстарының оң өсу серпіні байқалады, нәтижесінде «ҚазАгроҚаржы» АҚ таза табысының мөлшері 2009 жылы 2006 жылмен салыстырғанда 1,23 есе көбейді.

### Компанияның қаржы тұрақтылығы мен төлем төлеу қабілеттілігін бағалау

Компанияның қаржы жағдайын да меншікті қаржы қорларының қамтамасыз етілуін сипаттайтын көрсеткіштерді талдау (тұрақтылық коэффициенті) арқылы бағалауға болады, сонымен қатар өз міндеттемелерін орындау үшін активтерді уақытында жұмылдыру қабілетін талдау арқылы бағалауға болады ( өтімділік коэффициенті).

**Тұрақтылық коэффициенті:**

| Көрсеткіштердің атауы | Ұсынылатын мән | 2007 | 2008 | 2009 |
|---|---|---|---|---|
| Қаржы тәуелсіздігі коэффициенті (Баланс валютасындағы меншікті капитал үлесі) = (Меншікті капитал) / (Баланс валютасы) | >= 0.5 | 0.5 | 0.5 | 0.5 |
| Қаржы қарбаластық коэффициенті (Баланс валютасындағы қарыз қаражаттарының үлесі) = (қарыз капиталы) / (Баланс валютасы) | <= 0.5 | 0.9 | 0.5 | 0.5 |
| Берешек коэффициенті (қарыз және меншікті қаражат арасындағы ара қатынас) = (Қарыз капиталы) / (Меншікті капитал) | 0.67 | 0.9 | 0.8 | 1.1 |
| Өзін-өзі қаржыландыру коэффициенті (Меншікті және қарыз қаражатарының ара қатынасы) = (Меншікті капитал) / (Қарыз капиталы) | >= 1.0 | 1.0 | 1.2 | 0.9 |
| Меншікті айналым қаражаттарымен қамтамасыз етілу коэффициенті (Айналым активтеріндегі меншікті айналым қаражаттарының үлесі) | >= 0.1 | 0.6 | 0.3 | 0.4 |
| Маневрлік коэффициент (Меншікті капиталдағы меншікті қаражат үлесі) | >= 0.5 | 1.0 | 1.0 | 1.0 |

Қаржы тәуелсіздігі коэффициентінің мәні сыртқы қаржыландыру көздерінен мүмкін тәуелділік деңгейді көрсететін ұсынылатын 0,5 деңгейде тұрады. Шеттен алып пайдалану дәрежесін сипаттайтын қаржы қарбаластық коэффициенті де ұсынылатын шекте сақталып қалады.

Берешек коэффициентін көбейтуді және өзін-өзі қаржыландыру коэффициентін төмендетуді Ұлттық қор қаражаты есебінен ауыл шаруашылығын жеңілдікті ұзақ мерзімге қаржыландыру бағдарламасы шеңберінде жүзеге асырылатын мемлекеттік қолдауды күшейту позициясынан бағалаған жөн. Қарыз қаражаттары құрылымының өзгеруін ескере отырып, Ұлттық қор қаражаты есебінен сырттан алып пайдалану үлесі көбейгенде, аталған коэффициенттер қылығы мүмкін болып саналады. Маневрлік коэффициент жалғыз акционер тарапынан жарғылық капиталға салынатын жыл сайынғы инвестицияның арқасында тұрақты.

**Өтімділік коэффициенті**

| Көрсеткіштер атауы | Ұсынылатын мән | 2007 | 2008 | 2009 |
|---|---|---|---|---|
| Ақша қаражаттарының және қысқа мерзімді қаржы салымдарының ағымдағы пассивтерге қатынасына тең абсолюттік өтімділік коэффициенті | >= 0.2 | 0.21 | 0.57 | 0.64 |
| Өтімділігі жоғары ағымдағы активтердің ағымдағы пассивтерге қатынасына тең шапшаң «шұғыл» өтімділік коэффициенті | 0.5 - 0.8 | 2.03 | 3.04 | 3.52 |
| Ағымдағы активтердің ағымдағы пассивтерге қатынасына тең ағымдағы өтімділік коэффициенті | 1.5 - 2.5 | 2.10 | 2.47 | 2.88 |

Өтімділік коэфициенттері әрқашан резервтерінің жоғары деңгейімен сипатталатын, бұл ауыл шаруашылығына байланысты көтеріңкі тәуекелдік дәрежесін есепке ала отырып, дәлелденген. Компания мәртебесі экономиканың басқа салалары бойынша әртараптандыру мүмкіндігінсіз аграрлық сектордағы қызметтің орталықтандырылуын алдын ала анықтайды. Инвестицияның әлеуметтік бағыттылығы инвестициялау объектілерін іске қосу ұзақтығымен шарттасылған ақша қаражаттарын салу мен оларды қайтару арасындағы ұзақ уақытша алшақтықпен сипатталатын мемлекеттік маңызы бар жобалар бойынша жеңілдікті шарттардың берілуін көздейді. Өтімділікті басқару саясаты қаржы активтерінің маусымды тәуелділігі, сонымен қатар қаржы құралдарымен жасалатын ықтимал операциялардың шектеулі спектрі ескеріле отырып, ауыл шаруашылығын қолдау жөніндегі мемлекеттік бағдарламаларды іске асыру міндеттерін тиімді шешу үшін ақша ресурстарын анағұрлым жұмылдыра отырып, құрылған.



Компанияның
даму болашағы.
2010 жылға
арналған жоспар



Жылдық есеп Годовой отчет
Annual report

# 2009

«ҚазАгроҚаржы» АҚ 2010 жылы республиканың жалпы агроөнеркәсіптік кешеніне шамамен 30,8 млрд.теңге инвестициялауды жоспарлап отыр, оның 17,7 млрд.теңгесі – Ұлттық қор қаражатынан.

Қаражат ауыл шаруашылығы техникалары мен арнаулы техникалар, қайта өңдеу жабдықтарын сатып алуды қаржыландыруға, сондай-ақ, Қазақстанның агроөнеркәсіптік кешеніне инвестициялық жобаларды іске асыруға көзделген.

Ұлттық қор қаражаттарын АӨК дамытуға құюдан күтілетін нәтиже ауылда жетекші әлемдік өндірушілердің технологиялық жабдықтарымен жарақтандырылатын, қазіргі заман озық технологияларды қолданатын, толық өндіріс кезеңімен жаңа жоғары технологиялы өндірістер құруға көмегін тигізеді.

Осылай, Ұлттық қордан бөлінетін қаражат шеңберінде:

өндірістік қуаты жылына 3 мың бірлік әр түрлі ауыл шаруашылығы техника түрлерін құрастыратын екі өндірісті,

сүт өнімділігі 73 мың тоннаға дейін баратын 9 тауарлы-сүт фермасын,

өндірістік қуаты 30 мың тонна ет өндіретін 6 құс фабрикасын,

жалпы өнімділігі 36 мың тонна жеміс-көкөніс өнімдерін өндіретін 60 га астам алаңға арналған жылыжай кешендерін,

көкөніс сақтау сыйымдылығы 75 мың тоннадан астам көкөніс қоймаларының желісін құру жоспарлануда,

сонымен қатар өнімділігі 530 мың тоннадан астам тамшылатып суару технологиясын қолдана отырып, жеміс-көкөніс дақылдары өндірісін дамыту жоспарланып отыр.

Аталмыш бағыттарды қаржыландыру кейін импортқа тәуелділік деңгейін және шеттен әкелінетін өнім тапшылығын біртіндеп, атап айтқанда: қаймағы алынбаған сүтті 15,4%-ға, құс етін 20%-ға, жеміс-көкөніс өнімдерін 24,2%-ға, сақтауға арналған сыйымдылық тапшылығын 23%-ға азайтуға, сонымен қатар 2000 аса жаңа жұмыс орындарын құруға көмегін тигізетін болады.

Сөйтіп, Компания ауылды әрі қарай дамытуға, еліміздің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, жаңа жұмыс орындарын құрумен бәсекеге жарамды өнім өндіруге қажетті жағдай жасай отырып, алдағы уақытта да нағыз қаржы институтының және республиканың аграрлық секторы үшін нағыз әріптестің міндетін жүйелі түрде іске асыра бермекші.

Сонымен қатар кейбір маңызды техникалық дақылдарға деген өсіп келе жатқан қажеттіліктерді қанағаттандыру шеңберінде 2010 жылы тамшылатып суару жүйесін қолданумен өсіру үшін дақылдар тізбесін ұлғайту жоспарланып отыр. Мұндай дақылдарға соя, рапс, мақта, қант қызылшасы және басқалар жатады.

Агроөнеркәсіптік кешенде инвестициялық жобаларды іске асыру үшін Қазақстан Республикасының Ұлттық Қорынан бөлінетін қаражат есебінен инвестициялау көлемін игеруден басқа, «ҚазАгроҚаржы» АҚ сапа саласындағы 2010 жылға арналған мақсаттары болып табылатындар:

1. Жобаларға талдау жасау үшін 2010 жылдың бірінші кварталында автоматтандырылған аналитикалық бағдарламалар енгізу арқылы көрсетілетін қызмет сапасын жақсарту;

2. 30 млн. доллар көлемінде Ислам Даму Банкісінен және 9 млн. евро Landesbank Berlin экспорттық қаржыландыру көздерінен ақша қаражаттарын тарту;

3. 2010 жыл бойы іс жүргізу, есептілік ақпаратты дайындау саласында бизнес-процестерді автоматтандыру;

4. 2010 жылдың бірінші жартыжылдығында «ҚазАгроҚаржы» АҚ жұмыскерлері мен сапа менеджмент жүйесінің ішкі аудиторларын ISO 9001:2008 стандарт талаптарына сәйкес негізгі сапа менеджмент жүйесінің принциптеріне үйрету арқылы сапа менеджмент жүйесін әрі қарай дамыту;

5. «ҚазАгроҚаржы» акционерлік қоғамында 2010 жыл бойы мемлекеттік тілді үйрену және жетілдіру.

Сапа саласында Мақсаттарға жету келесілер арқылы жүзеге асырылатын болады:

- «ҚазАгроҚаржы» АҚ көрсететін қызмет құрылымын үнемі жетілдіріп отыру, сапасын жақсарту және өрісін кеңейту;

- «ҚазАгроҚаржы» акционерлік қоғамында кадрларды дайындау жүйесін ұйымдастыру, қуаттау және жетілдіру;

- сапаны басқару саласында іске жұмылдырылған қызметкердің құзіреті мен жауапкершілігін түсіну;

- ішкі және сыртқы аудиттер жүргізіп отыру, бақылау жүйесінің әрбір элементін үнемі бақылап отыру;

- несиелік-лизингілік қызмет тұтынушыларына бейімделу, ауыл шаруашылық тауар өндірушілердің мұқтаждарын түсініп, қанағаттандыру.



Пайдалы акпараттар



Жылдык есеп Годовой отчет
Annual report
2009

## Ірі жеткізушілер тізбесі

| Техника | | |
|---|---|---|
| **Жеткізуші** | **Ел** | **Техника** |
| «Агромашхолдинг» АҚ | Қазақстан | Енисей және Есіл астық жинайтын комбайндары |
| «Целинсельмаш Астана» ЖШС | Қазақстан | СКС – 2,1М отап сепкіштері |
| НПО «Авангард-Агро» ЖШС | Қазақстан | ОПШУ - 25А бүріккіштері |
| «Агротехмаш» ЖШС | Қазақстан | «Казахстанец» К 744 Р1 тракторы |
| «СемАЗ» ЖШС | Қазақстан | «Беларус-80.1», «Беларус-82.1» және «Беларус-1221.2» тракторлары |
| «Дон Мар» ЖШС | Қазақстан | «Дон Мар» жалшалап дестелегіштері |
| «Торговый Дом Белорусский Трактор» ЖШС | Қазақстан | «Беларус-892», «Беларус-952» және «Беларус-1025» |
| «Ауыл шаруашылығы техникалар зауыты» ЖШС | Қазақстан | |
| Селиканов ЖК | Қазақстан | |
| «Комбайновый завод «Ростсельмаш» ЖШС | Ресей | Вектор, Акрос комбайндары |
| «КЛЕВЕР» ЖШҚ | Ресей | "Tukan" пішен тең тайлаушылары |
| «Агромашхолдинг» ЖШҚ | Ресей | Күріш-бидай жинайтын комбайндар |
| «Агро» ЖШҚ | Ресей | «Кузбасс» егіс кешендері |
| «Сибзавод» ЖШҚ | Ресей | СКП – 2,1 сепкіштері, тіркемелер, қосқыш құрылғылары |
| «Лизинговая компания «Агросиблизинг» ЖАҚ | Ресей | Топырақ өңдегіш ауыл шаруашылығы техникасы |
| «Воронежсельмаш» ААҚ | Ресей | |
| CT Agro GmbH | Германия | Xerion тракторлары |
| CLAAS Global Sales GmbH | Германия | CLAAS комбайндары |
| AGROTEC INTERNATIONAL AG | Германия | Ауыл шаруашылығы техникасы |
| CANAM Engines GmbH | Германия | Buhler Versatile тракторлары+ Bourgault сепкіштері |
| CanAgro Exports Inc. | Канада | Ауыл шаруашылығы техникасы |
| Eurasia Group AG | Швейцария | «СЗЦ «Отырар» ЖШС үшін ауыл шаруашылығы техникасы |
| Agrotecnica S.r.l. | Италия | Ауыл шаруашылығы техникасы |
| «Харьковский тракторный завод им. С. Орджоникидзе» ААҚ | Украина | ХТЗ тракторлары |
| IP Consult (International) Ltd | Гибралтар | Ауыл шаруашылығы техникасы |
| «Сбытовая Компания Червона зирка» ЖАҚ | Украина | Сепкіштер мен қопсытқыштар |
| «АГРОИМПОРТ ПЛЮС» ЖШҚ | Украина | ХТА тракторлары |
| СПД «Бондаренко А.Н.» | Украина | Ауыл шаруашылығы техникасы |
| Бердянские жатки ААҚ | Украина | |
| «Бобруйскагромаш» ААҚ | Беларусь | |
| **Құс фабрикасына арналған жабдық** | | |
| «ZUCAMI», S.L. | Испания | |
| Ten Elsen GmbH & Co KG | Германия | |
| ООО «ПО ТЕХНА» | Украина | |
| Big Dutchman International GmbH | Германия | |
| Lorenz HANDELS GmbH HOLZ – METELL - MASCHINEN | Германия | |
| M.A.D. Agricultural Projects | Израиль | |



| | | |
|---|---|---|
| Pas Reform B.V. | Нидерланды | |
| «Хорольский механический завод» ЖШҚ | Украина | |
| **Жылыжайларға арналған жабдықтар және тамшылатып суару жүйелері** | | |
| Yamco Yadpaz Industries Ltd | Израиль | |
| Dalsem Horticultural Projects B.V. | Нидерланды | |
| ООО «Агрисовгаз» | Ресей | |
| Agrotech-Didam B.V. | Нидерланды | |
| Netafm Ltd | Израиль | |
| NaanDan Jain Irrigation SC Ltd | Израиль | |
| | | |
| **Диірмендер** | | |
| «ANA ULUSLARARASI GIDA, TURIZM, INSAAT SAN. ve DIS TIC. LTD STI.» | Турция | |
| Ozenir Dis Ticaret A.S. | Турция | |
| GENÇ DEĞİRMEN MAKİNALARI SANAYİ VE TİCARET ANONİM ŞİRKET | Турция | |
| **Тауарлы-сүт фермалары** | | |
| Agralis GmbH | Германия | |
| DeLaval Export Service AB | Швеция | |
| ТОО "Брацлав-KZ" | Қазақстан | |
| Flandrus s.p.r.l. | Бельгия | |
| Van der Ploeg International B.V. | Нидерланды | |
| MAS Agro (Ivanhoe Invest b.v.) | Нидерланды | |
| HIMEL Maschinen GmbH & Co. KG | Германия | |
| **Ірі қара мал** | | |
| Hunland Trade Kft. | Венгрия | |
| Klinger GmbH | | |
| **Көкөніс қоймаларына арналған жабдық** | | |
| MAS Agro (Ivanhoe Invest b.v.) | Нидерланды | |
| AGROTEC INTERNATIONAL AG | Германия | |
| **Өзге жабдықтар** | | |
| EMF Lebensmitteltechnik-Anlagenbau GmbH | Германия | Шошқа сою желілеріне арналған жабдық |
| REVENT PRAHA s.r.o. | Чехия | Нан және нан-тоқаш өнімдерін өндіруге арналған жабдық |
| OHMI Engineering GmbH | Германия | Адсорбциялап тазарту желісі |
| TECALIT S.R.L | Италия | Қысқалап кесілген макарон өндіру желісі |
| Hartmann Lebensmitteltechnik Anlagenbau GmbH | Германия | Сүтті қайта өңдеу жабдығы |
| Tetra Pak Service S.A. | Швейцария | |
| EXIMA e.K. | Германия | Етті қайта өңдеуге арналған жабдық |



## Халықаралық қаржы серіктестері

### Банктер:

**«Rabobank International»** (Утрехт, Нидерланды)
**«Bank Gesellschaft Berlin AG»** (Берлин, Германия)
**«ABN AMRO Bank»** (Чикаго, АҚШ)
**«ABN AMRO Bank N.V.»** (Амстердам, Нидерланды)
**«NATEXIS BANQUES POPULAIRES»** (Париж, Франция)
**«Landes Bank Berlin»** (Штутгарт, Берлин, Германия)
**«Sosiete General»** (Канада)
**Ислам Даму Банкі** (бұдан әрі - ИДБ)

### Сақтандыру агенттіктері:

**Hermes** (Германия)
**OND** (Бельгия)
**US Eximbank** (АҚШ)
**SACE** (Италия)
**SIMEST** (Италия)






## Біздің мекен-жайымыз

Ақмола облысындағы филиалы
Көкшетау қаласы, Абай даңғ.;
108, 403, 404, 409, 410 каб.
тел.: 8 (7162) 25-79-34, 25-37-53
e-mail: akm2@kaf.kz

Ақтөбе облысындағы филиалы
Ақтөбе қаласы, Сәнкібай батыра даңғ., 14Р
тел.: 8 (7132) 55-28-63, 55-28-64
e-mail: akt@kaf.kz

Алматы облысындағы филиалы
Талдақорған қаласы,
Тәуелсіздік көш., 173, Б блогы
тел.: 8 (7282) 59-44-03, 59-44-07, 59-44-05
e-mail: alm@kaf.kz

Атырау облысындағы филиалы
Атырау қаласы, Құлманова көш., 1, А блогы
тел.: 8 (7122) 27-21-82, 27-12-73
e-mail: atr@kaf.kz

Шығыс Қазақстан облысындағы филиалы
Өскемен қаласы, Сәтпаев даңғ., 25 үй
тел. 8 (7232) 57-39-31
e-mail: vko@kaf.kz

Жамбыл облысындағы өкілдігі
Тараз қаласы, Сүлейменов көш., 9А
тел.: 8 (7262) 43-77-85
e-mail: tar@kaf.kz

Аймақтық менеджер, Ақтау қаласы,
23 шағын аудан, 100 үй, тел.: 8 (7292) 60-57-69
e-mail: mng@kaf.kz

Оңтүстік Қазақстан облысындағы филиалы
Шымкент қаласы, Республика даңғ., 20 Б
тел.: 8 (7252) 26-28-91, 56-28-97
e-mail: uko@kaf.kz

Батыс Қазақстан облысындағы өкілдігі
Орал қаласы,Ихсанов көш., 54
тел.: 8 (7112) 94-00-11,
54-78-61, 54-81-50
e-mail: zko@kaf.kz

Қарағанды облысындағы өкілдігі
Қарағанды қаласы, Лобода көш., 22
тел.: 8 (7212) 30-12-80, 30-10-01, 30-11-91
e-mail: krg@kaf.kz

Қостанай облысындағы филиалы
Қостанай қаласы,
Майлин көш., 15, 22-24 каб.
тел.: 8 (7142) 53-48-48, 53-53-13, 53-53-32
e-mail: kst@kaf.kz

Қызылорда облысындағы филиалы
Қызылорда қаласы, Әуезов көш., 39
тел.: 8 (7242) 26-21-45,
26-23-44
e-mail: kzl@kaf.kz

Павлодар облысындағы өкілдігі
Павлодар қаласы,
Крупская көш., 71 б
тел.: 8 (7182) 32-58-67, 32-24-37
e-mail: pvl@kaf.kz

Солтүстік Қазақстан облысындағы филиалы
Петропавловск қаласы,
Казахстанская правда көш., 66,104 каб.
тел.: 8 (7152)34-02-61,
36-56-88
e-mail: sko2@kaf.kz

Аймақтық өкілдік Талдықорған қ-сы,
Ақан Сері көш.,137, 16 каб.
тел.: 8 (7282) 59-44-03
e-mail: tlk@kaf.kz

«ҚазАгроҚаржы» АҚ Орталық аппараты
Астана қ., Кенесары к-сі 51, КҚ-4
тел.: 8 (7172)58-04-37,58-04-38
web.: www.kaf.kz e-mail:mailbox@kaf.kz

